- 1.5. Әлеуметтік педагог қызметі балалардың дамуы мен оны қорғауды қамтамасыз ету заңына негізделген. Әлеуметтік педагог сонымен қатар өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция», ҚР «Неке және отбасы туралы заңы», басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды, осы ережені басшылыққа алады.

2. Міндеттері

Әлеуметтік педагогтың қызметтік бағыттары:

- 2.1. Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді;
- 2.2. Балалардың құқығын қорғау мен еркін таңдау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді

3. Қызметтік міндеттері

Әлеуметтік педагог мына қызметтік міндеттерді атқарады:

- 3.1. Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады;
- 3.2. Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына онды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету;
- 3.3. Әлеуметтік педагог мектеп әкімшілігімен, мұғаліммен, педагог-психологпен, медбикемен, тәрбиешілерімен, оқушылармен олардың ата-аналарымен өзара байланысқа түседі.
- 3.4. Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету.

- 3.5. Сабақтан тыс баланың өзін-өзі дамуына жағдай жасау;
- 3.7. Қоғамдағы рухани бай қарым-қатынастың болуына жағдай жасау;
- 3.8. Бала мен мемлекеттік, қоғамдық мекемелерімен қарым-қатынастың орнауына жағдай жасау;
- 3.9. Мұғалімдермен, ата-аналармен және де басқа заңды тұлғалармен қарым-қатынасқа түседі;
- 3.10. Оқу барысы кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулықтарына жауап береді;
- 3.11. Білім мекемелерінде оқу бағдарламасының орындалуын қадағалайды;
- 3.12. Психофизикалық сәйкестіктерді басшылыққа ала отырып, оқытудың тәсілдері мен әдістемелерінің түрлерін таңдауға жағдай жасайды;
- 3.13. Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасы оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, сыныптың әлеуметтік паспортын, шағын аудандар бойынша рейд жұмыстары қамтамасыз етеді.
- 3.14. Бағдарлама мен жоспарды құрастырып, олардың орындалуын қамтамасыз етеді; бекітілген құжаттама мен есептілікті жүргізеді;
- 3.15. Ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік-педагогикалық кеңес берумен айналысады.;
- 3.16. Өзінің кәсіптік деңгейін көтереді;
- 3.17. Бұйрықтардың жобаларын дайындайды, Педагогикалық кеңестің жұмыстарына қатысады;
- 3.18. Мерзімді медициналық тексерісті тегін өтеді;
- 3.19. «Қамқорлық» пен «Мектепке жол» атты акцияларды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;
- 3.20. Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың этикалық нормаларын қадағалайды.
- 3.21 ба, бә-сыныптарының сабаққа қатысуы мен тәртібіне, білім сапасына жауапты.

4. Құқықтары

Әлеуметтік педагог құқылы:

- 4.1. білім мекемелерінде ережеге сай мектептегі тәртібін қадағалауына қатысу;
- 4.2. шағымдар мен басқа құжаттармен танысып, оларға түсініктеме беруге құқылы;
- 4.4. оқушылардың бағалары мен оқу материалдары, оқулықтардың әдістемесін тандап, оларды еркін қолдана алады;
- 4.5. кәсіптік деңгейін көтеру;
- 4.6 әлеуметтік педагогтің қызметі 5 жылда бір рет өткізілген аттестация нәтижелері ынталандырып отырады
- 4.7. кәсіпұйым мүшелерімен бірлестікте мектеп әкімшілігі қабылдаған білім беру ұйымының субъектілерінің құқықтары, денсаулықтары, әрекет жағдайлары мен оларды қорғауға қатысты локалді құқықтық актілердің дұрыс құрылуын анықтауға қатысуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Әлеуметтік педагог жұмысын жүргізудегі ҚР заңдарына сәйкес жасалған білім беру бағдарламасының сапасына, сабақ кезіндегі оқушылардың өмірі мен денсаулығына, олардың құқықтарының бұзылуына жауапты;

5.2. Білім беру мекемесінің ережелері мен жарлығы орындалмаған жағдайда әлеуметтік педагог жауапқа тартылады;

5.3. Оқушыларға психикалық және физикалық зорлық көрсететін болса, әлеуметтік педагог ҚР «Білім беру» Заңына сәйкес жұмыстан босатылады;

6. Өзара қарым-қатынастары. Қызметтік қарым-қатынас

Әлеуметтік педагог:

6.1. ҚР Еңбек кодексінің 26. 82б.; 1 тармағ. 77б. сай сабақ кестесі мен жалпымектептік іс-шаралар режимінде жұмыс істейді;

6.2. Әр оқу жылына және әр тоқсанға өздігінен жұмыс жоспарын құрастырады. Білім беру мекемесінің директордың қолымен бекітіледі;

6.3. Директордың оқу іс жөніндегі, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбие ісінің орынбасарына өзінің істелінген жұмыстары туралы есеп береді (ауызша немесе жазбаша түрде, бес беттен көп болмауы керек);

6.4. Білім беру мекемесінің директоры мен орынбасарынан нормативтік-құқықтық құжаттар туралы ақпаратты алып, онымен танысады;

6.5. Ата-аналармен, мұғалімдермен, білім беру мекемесінің жұмысшылары мен әкімшілігімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы; ҚР «Білім беру туралы заңы»; Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция»; ҚР «Неке және отбасы туралы заңы»; «ҚР баланың құқықтары туралы заңы»; «Қорғаншылық және қамқоршылық туралы ереже»; ҚР Еңбек кодексі; ҚР Қылмыстық кодексі; «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» ҚР Заңы және де басқа нормативтік құжаттар.

Екінші дананы қолыма алдым.

Лауазымдық міндетіммен таныстым:

А. Асетов А

(қолы, аты-жөні)

Күні: «*31*».....*08*.....20*23*ж.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГЫ Д.Жунешовтың ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

1. қосымша білім беру педагогы лауазымына тағайындау және жұмыстан босату мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

1.2. қосымша білім беру лауазымына төмендегі мамандар қабылдануы мүмкін:

педагогикалық бейіннің орта кәсіби білімі бар, немесе (үйірме, секция, ансамбль, студия және өзге де) балалар бірлестігінің бағытына сәйкес, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

балалар бірлестігінің бағытына сәйкес (үйірме, секция, ансамбль, студия және өзге де) жоғары педагогикалық білімі бар, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

1.4. Қосымша білім беру педагогы білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Зандары және білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым бағыттарын, дидактиканың қағидаттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясының негіздерін, білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттарын, тәрбие жұмысын, тиімді, сараланған, дамытуды оқытудың, құзыреттілік тәсілдерін іске асырудың сенімділік, өз ұстанымын дәлелдеудің, әртүрлі жастағы білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен, оларды ауыстыратын тұлғалармен, жұмыстағы әріптестермен байланыс жасау әдістемесін, жанжал жағдайларының себептерін сараптау технологияларын, педагогикалық технологиялар диагностикасын, дербес компьютермен, электронды пошта және браузерлермен, мультимедиялық жабдықтармен жұмыс істеу негіздерін, білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережелерін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін.

1.5. **Игеруі қажет:** ұйымдастыру қабілеттілігін, көшбасшылық қасиеттерін, осы салада балалармен жұмыс істеу әдістерін меңгеру, әдістемелік дағдыларды игеру, психология негіздерін білу, кәсіби өсуге ұмтылу, эмоционалды тұрақтылық болу.

1.6. Қосымша білім беру педагогы өз қызметінде басшылықты жүзеге асырады:

- сарай жарғысын;
- аталған лауазымдық нұсқаулықты;
- ішкі тәртіп ережесін;
- ұжымдық келісімшартты;
- қосымша білім берудің оқу білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын;
- білім беру жүйесінде әрекет ететін нормативті-құқықтық актілерді.

1.7. Қосымша білім беру педагогы өз құзіреті шегінде тікелей бөлім меңгерушісіне бағынады және оны әдіскермен үйлестіреді.

1.8. Қосымша білім беру педагогы өз жұмысын 40 сағаттық жұмыс аптасының негізінде дайындалған және директормен бекітілген оқыту сабағының кестесіне сәйкес, белгіленген оқыту жүктемесінің көлемін орындау тәртібінде, сондай-ақ сарайдың жоспарланған іс-шараларына қатысу және білім беру қызметінің өзін-өзі жоспарлау бойынша оқу нормативтері белгіленбеген білім беру қызметі бойынша жүзеге асырады.

1. Қызметтері

2.1. Балалар бірлестігінің қосымша білім беру қызметі бағытында оқу процесін ұйымдастыру.

2. Лауазымдық міндеттері.

3.1 Қосымша білім беру саласында білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

3.2 Қосымша білім берудегі балалар бірлестіктерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімінде сақтау шараларын қолданады.

3.3. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтың жоспары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттарды жүргізеді (Сарайдың бекітілген іс номенклатурасына сәйкес).

3.4. Психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдарын және әдістерінің педагогикалық негізделген таңдауын қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, тұлғаның адамгершілік рухани дамуына, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

3.5 Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады..

3.6. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Іскерлікті меңгеруді, шығармашылық қызметтің тәжірибесін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды.

3.7. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды (тәрбиеленушілерді), оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды.

3.8. Балалардың жаппай білім беру іс-шараларына қатысуын (конкурстар, фестивальдер, концерттер және т.б.) ұйымдастырады.

3.9. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады.

3.10. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді.

3.11. Ата аналары мен олардың орнын басатын тұлғаларға және педагогтарға кеңес беріп, көмектеседі.

3.12. Әдістемелік бірлестіктер мен басқа да әдістемелік жұмыс нысандаына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады.

3. Құқықтары

Мыналарға құқығы бар:

4.1. Сарайдың басшылығына Жарғыда белгіленген тәртіп бойынша қатысуға.

4.2. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) білімдерін бағалау әдістеріне, оқыту және тәрбиелеу әдістеріне, оқу-әдістемелік құралдарды және материалдарды таңдауға және еркін қолдануға.

4.3. Біліктілігін көтеруге.

4.4. Мерзімді аттестациядан аттестатталушы ойдағыдай өткен жағдайда, келесі біліктілік санатына сәйкес аттестацияға ерікті түрде өтуге.

4.5. Білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) сабақтарды ұйымдастыруға және тәртіпті сақтауға міндетті, тапсырмалар беруге, оларды сарай Жарғысымен белгіленген ереже бойынша жауапкершілікке тартуға.

4.6. Кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға.

4.7. Шағымдармен және оның жұмысына баға беретін басқа да құжаттармен танысу үшін оларға түсініктеме беруге.

4.8. Кәсіби этика нормаларын бұзуына байланысты тәртіптік тергеу кезінде өз мүддесін өз бетінше және/немесе адвокат арқылы қорғауға.

4.9. Заңда көзделген жағдаларды қоспағанды, тәртіптік (қызметтік) тергеудің құпиялылығын сақтауға.

Жауапкершілігі

5.1. ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте педагог:

- қосымша білім беру бағдарламаларының толық көлемде жүзеге асырылуына, білім беру үрдісі кезінде оқушының өмірі мен денсаулығына, оқушылардың құқықтары мен бостандығын бұзғаны үшін жауапкершілікте болады.
- Сарай Жарғысын, ұжымдық шарттың талаптарын, Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, осы лауазымдық нұсқауды, директордың бұйрықтарын бұзған жағдайда ҚР Еңбек және Әкімшілік кодексінің баптарына сәйкес әкімшілік және тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.
- Білім алушы тұлғаға қатысты физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылық көрсетумен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны үшін педагог ҚР «Білім туралы» заңы бойынша жұмыстан босатылуы мүмкін.
- Білім алушы тұлғаға қатысты физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылық көрсетумен байланысты тәрбиелеу әдістерін қолданғаны үшін.
- Міндеттерін бұзғанына (орындамауға) байланысты Сарайға немесе білім беру процесінің қатысушыларына зиян келтіргені үшін педагог қызметкер еңбек және (немесе) азаматтық заңнамада белгіленген тәртіп шегінде жауапкершілікке тартылады.

Лауазымдық міндетіммен таныстым: _____

Мухомов Д

Н. Д. С.

(қолы, аты-жөні)

Күні: « 31 » 08 20 23 ж.

Білім беру ұйымының еңбек нұсқаушысы С.Файзуллаевтың лауазымдық міндеттері

Осы лауазымдық нұсқаулық білім беру мекемесінің басшысы еңбегіне тарифтік-квалификациялық бағалау негізінде ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 13.07. 2009 ж. №338 бұйрығына, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 28.06.03. №141 бұйрығына, осы Министрліктің 30.05.03ж. №119 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

Лауазымдық міндеттері: Еңбек нұсқаушы қызметін басқарады, өндірістік оқыту бойынша оқу кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді. Шеберхананың оқу процесі үшін қажетті жабдықтармен, материалдармен, аспаптармен, оқытудың техникалық құралдарымен, көрнекі құралдармен қамтамасыз етеді, сақтауға мүлкітік материалдық құндылықтарды қабылдайды. Белгіленген тәртіппен оларды есебі мен есептілігін жүргізеді, жабдықтарды, аспаптар мен қарапайым құралдарды сабаққа дайындауды ұйымдастырады. Еңбек нұсқаушысы мен қолда бар жабдықтарды, оқыту құралдарын дұрыс әрі тиімді пайдалануды, арнайы киімдерді қолдану мен пайдалану ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Станоктарды, машиналарды, жабдықтарды, аспаптарды, қарапайым құралдарды баптау мен жөндеуді ұйымдастырады, өндірістік оқыту сабақтарында техника қауіпсіздігі бойынша нұсқама өткізуді оқу-өндірістік шеберлерімен бірлесіп бақылайды. Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық біліктілікті меңгереді. Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын педогогика негіздерін, кәсіптік оқытудың әдістері, жұмыстың технологиялық процестерін, жабдықтарда жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін, жаңаша техникалық жетістіктерін, санитария мен гигиена негіздерін, экономика және қаржы-шаруашылық қызметінің негіздерін, еңбек туралы заңнамалар негіздерін, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы ережелерімен нормаларды. Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білім, тиісті бейіндегі ұйымдарда басшы лауазымда еңбек өтілі кемінде 3 жыл

Екінші дананы қолыма алдым.

Лауазымдық міндетіммен таныстым:


(қолы, аты-жөні)

Күні: « 31 » 08 2020 ж.

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ДАЙЫНДЫҚ ЖЕТЕКШІСІ Ш. Мажитовтың
ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық білім беру мекемесінің басшысы еңбегіне тарифтік-квалификациялық бағалау негізінде ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 13.07. 2009 ж. №338 бұйрығына, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 28.06.03. №141 бұйрығына, осы Министрліктің 30.05.03ж. №119 бұйрығына сәйкес құрастырылды.

1.2. АӘЖТД оқытушысын жұмысқа қабылдау және босату туралы білім мекемесінің басшысы шешім қабылдайды.

1.3. АӘЖТД оқытушысы жоғары кәсіби білімді, азаматтық қорғаныстан арнайы дайындықтан өткен, әскери жоғары білімді немесе, еңбек өтіліне талап етілмейтін орта әскери білімді болуы керек.

1.4. АӘЖТД оқытушысы тікелей білім мекемесінің басшысы немесе оның орынбасарына бағынышты.

1.5. Өз еңбек жолында АӘЖТД оқытушысы Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Білім туралы», «Қорғаныс туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары, Қазақстан Республикасының Үкімет және білім басқармасының білім және тәрбие мәселелері, қорғаныс, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларда мекемелерді қамтамасыз ету деңгейлерінің, еңбек қорғау ереже және норма, өрттен қорғану қауыпсыздігін сақтау (сонымен қатар ішкі еңбек Ережелерінің қалыптасуымен, басшының бұйрығымен, нақты лауазымдық нұсқауы), еңбек келісім шарт шешімімен жүзеге асады.

АӘЖТД оқытушысы бала құқығының Конвенциясын сақтайды.

2. Атқаратын қызметтері

АӘЖТД оқытушысының атқаратын қызметтерінің негізгі бағыттары:

2.1. АӘЖТД пән негіздерін оқыту;

2.2. оқушылардың әскерге қабылдануға дейін дайындығын заңнамаға сәйкес ұйымдастыру

2.3. білім мекемелерінде АҚ бойынша іс- шараларды ұйымдастыру және өткізу

2.4. білім мекемелерін төтенше жағдайлармен апат жұмыстарына дайындау.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. оқушыларды өмір қауіпсіздік негіздері және әскерге қабылдануға дейін дайындығын ескере отырып оқытады және тәрбиелейді;

3.2. жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастырады және олардың құқығы мен бостандығын сақтайды;

3.3. оқу сабақтарын жоспарлау, сыныптан тыс қосымша сабақтар, дене тәрбие дайындығын ұйымдастыру, өткізу;

3.4. әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, өз біліктілігін арттыру;

- 3.5. білім мекеме қызметкерлерінің және оқушылардың еңбегін қорғау, өмір және денсаулық туралы іс-шаралардың өтуіне қатысу;
- 3.6. басқа мекемелермен бірлесе отырып оқушыларды өмір қауыпсіздік негіздері және әскерге қабылдануға дейін дайындығын сұрақтары бойынша қатыстыру;
- 3.7. денсаулық сақтау мекемелерімен бірлесе отырып, әскерге қабылдауға дейінгі жасөспірімдерді медициналық тексерістен өткізу, военкоматқа тіркелуін ұйымдастыру;
- 3.8. жасөспірімдерге әскери оқу орындарына түсуіне көмектесу;
- 3.9. білім мекемелерінде әскери міндеттілердің есебін жүргізу, военкоматқа керекті есеп беру;
- 3.10. білім мекемелерінде АҚ жоспарын қалыптастыру;
- 3.11. білім мекеме қызметкерлерімен АҚ бойынша сабақтар ұйымдастыру;
- 3.12. АҚ бойынша команда- штабы, арнайы тәсілдерді оқытуды дайындау және өткізу;
- 3.13. төтенше жағдайларда білім мекемесінің жұмысын қамтамасыз етуге қатысу;
- 3.14. қорғаныс қалқанының сақталуын қамтамасыз ету, индивидуальды қорғаныс құралдарын дайындау;
- 3.15. білім мекемелерінде экстремалды жағдайларда практикалық сабақтар және дайындықтар өткізу;
- 3.16. білім беру ұйымдарында АӘЖТД оқу- материалдық базаны толтыруға, мүліктерінің сақталуына санитарлық гигиеналық талаптарды орындауға жағдай жасау;
- 3.17. білім мекеме қызметкерлерінің, оқушыларының құралдарды пайдалудың қауіпсіздік талаптарын орындау, оқу үдерісі кезінде балалардың денсаулығы мен өміріне жауапкершілік арттыру;
- 3.18. оқыс оқиғаларды зерттейтін комиссия жұмыстарына қатысу, еңбек қорғау сұрақтарын бақылау;
- 3.19. ақысыз медициналық тексерістен өту;
- 3.20. білім мекемесінде этикалық нормаларын сақтау.
- 3.21 8а, 8ә-сыныптарының сабаққа қатысуы мен тәртібіне, білім сапасына жауапты.

4. Құқығы

БӘД келесі нәрселерге құқылы

- 4.1., Мектеп жарлығымен бекітілген мектепті басқару жұмыстарына құқылы;
- 4.2. шағымдармен және басқа құжаттармен танысу, олар туралы түсініктеме беру;
- 4.4. білім және тәрбие беру әдістерін еркін таңдау, оқу-әдістемелік құжаттарды, оқулықтарды, оқушылардың білімдерін бағалау құқылы;
- 4.5. квалификациясын көтеруге;
- 4.6. оқу процесінде және үзіліс кезінде оқушыларға тапсырма беру, тәртіпті сақтау, оқушыларды білім мекемесі қойған қатаң тәртіпке шақыру.

5. Жауапкершілігі

- 5.1. АӘЖТД оқытушысы оқу жоспарына және оқу процесінің графигіне сәйкес білім бағдарламаларының іске толық асырылуына жауапты.
- 5.2. Оқу процесінде оқушылардың өмірі мен денсаулығына, сабақты себепсіз босатқаны үшін АӘЖТД оқытушысы жауапты

5.3. Білім мекемесі бекіткен еңбек ережелерін қатаң сақтауға, локальдық және нормативтік актерді, инструкциямен жасалған қызметтік міндеттерді, АӘЖТ Доқытушысы ҚР еңбек кодексімен анықталған жауапкершілік артады.

5.4. Физикалық және психикалық зорлық-зомбылық көрсеткен жағдайда ҚР-ның «Білім заңының» еңбек кодексіне сәйкес жұмыстан босатылады;

5.5. Білім беру мекемесінің мүлкін сындырған, немесе бұзған жағдайды.

6. Қызметі бойынша қарым-қатынас

АӘЖТ Доқытушысы

6.1. еңбек кодексіндегі білім ұйымының графигіне сәйкес жұмыс жасайды;

6.2. жылдық және әр тоқсандық іс-шараларға жауапты. Іс-шараларлы білім мекемесінің директорымен бекітіледі;

6.3. әрбір тоқсан сайын білім беру мекемесінің директорына 10 бет көлемінде ауызша немесе жазбаша есеп беріп отырады;

6.4. директордан нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-әдістемелік ақпараты алу;

6.5. директордың бұйрықтарымен таныстыру, АӘЖТД, әскер қатарына шақыртылғанға дейінгі дайындық, еңбекті қорғау, өндірістік тазалықтөрттен сақтау ережелері;

6.6. әкімшілікпен өз құзыретіне қатысты жүйелі түрде ақпарат алмасу.

Білу керек: Қазақстан Республикасының конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңдарын», «Қазақстанның тілдері туралы», "Бала құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлықпен күрес", "Неке және отбасы", "Арнайы әлеуметтік қызметтер", "Мүікіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық көмек туралы, "Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық" және бас да нормативтік-құқықтық акттар, пәннің оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, педагогика және психология; мемлекеттің жалпыға бірдей білім беру стандарты; экономика негіздерін, еңбек туралы заңын

Екінші дананы қолыма алдым.

Лауазымдық міндетіммен таныстым: 

(қолы, аты-жөні)

Күні: «...³¹...»...⁰⁸.....20...¹³...ж.

Мектептің Педагог-ұйымдастырушысы Ю. Жунашованың лауазымдық міндеттері:

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы негізінде мектеп директорының №73 01.09.2023 жылғы бұйрығымен бекітілген.

1. Білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасайды;
2. Таланттарды, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
3. Клубтар, үйірмелер, секциялар, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, білім алушылармен, тәрбиеленушілермен жеке жұмысты, дебаттарды, мектеп парламентін ұйымдастырады;
4. Ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың бірін басқарады;
5. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;
6. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің кештерін, мерекелерін, жорықтарын, экскурсияларын, каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды;
7. Балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады; іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

педагогикалық этиканың нормалары;

педагогика және психология, физиология, гигиена, тәрбие жұмысының әдістемесін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламалары;

балалар ұжымдарын, ұйымдар мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек заңнамасы;


еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау ережелерін, санитариялық ережелер мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл.

Лауазымдық міндетіммен таныстым:  (қолы, аты-жөні)

Күні: «31».....08.....2023 ж.

Мектептің тәлімгері Х.Нарзулланың лауазымдық міндеттері:

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы негізінде мектеп директорының № 73 01.09.2023 жылғы бұйрығымен бекітілген.

1. "Жас қыран", "Жас ұлан" балалардың қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктерінің қызметін дамытуға ықпал етеді.

2. Білім алушыларға олардың бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді.

3. Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты жүзеге асырады.

4. Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады.

5. Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істейтін ұйымдар, бірлестіктер туралы кеңінен ақпараттандыру үшін жағдай жасайды.

6. Білім алушыларға азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсетуге, өз мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды.

7. Білім беру ұйымдарында мәдени-көпшілік, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілерге тәрбие жұмысын, балалардың танымдық бос уақытын ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

8. Білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды. Демалыс кезінде олардың демалысын ұйымдастырады.

9. Білім алушылармен жұмыстың инновациялық тәжірибесін зерделейді және пайдаланады.

10. "Қоғамға қызмет ету", "Туған елге тағзым", "Үлкенге ізет", "Ата-анаға құрмет" қоғамдық маңызды жұмыстарды ұйымдастырады.

11. Балалар ұйымдарының, бірлестіктердің бастапқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыларын) іріктеу және дайындау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

12. Өзін-өзі басқару органдарымен және білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, қоғамдық ұйымдармен, білім алушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

13. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

14. Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді,

педагогика мен психологияны, физиологияны, гигиенаны, балалар қозғалысының даму заңдылықтары мен үрдістерін,

бос уақытты өткізу қызметін, демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемесін, еңбек туралы заңнама негіздерін,

еңбекті қорғау, қауіпсіздік мен өртке қарсы техниканы, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шеберге арналған вожатый лауазымында жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейі болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы және педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл.

Лауазымдық міндетіммен таныстым: *Х.Нарзулла*

(қолы, аты-жөні)

Күні: «*31*» *08*20*23* ж.

Кәсіби бағдар беруші Б.Бабажановтың лауазымдық міндеттері

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы негізінде мектеп директорының № 73 01.09.2023 жылғы бұйрығымен бекітілген.

1. Лауазымдық міндеттері:

1. Мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;
2. Оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады; білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;

қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі; кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады; кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады; белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді; балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

3. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология; психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; педагогикалық этика нормалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

4. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

Лауазымдық міндетіммен таныстым:  (қолы, аты-жөні)

Күні: «...01...».....08.....2023 ж.

Мектептің дене шынықтыру нұсқаушысы А.Исаковтың лауазымдық міндеттері:
"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы негізінде мектеп директорының № 73 01.09.2023 жылғы бұйрығымен бекітілген.

1. Дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы дене тәрбиесі бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту жұмысын жүргізеді.
2. Балалардың жас ерекшелігін, дайындығын, жеке және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың міндеттері мен мазмұнын анықтайды.
3. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді дене жаттығуларын орындау дағдылары мен техникасын үйретеді, олардың бойында рухани-жігер қасиеттерін қалыптастырады.
4. Дене шынықтыру бойынша сабақтар мен спорттық іс-шараларды өткізу барысында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің толық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
5. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді.
6. Үнемі санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.
7. Медицина қызметкерлермен бірлесе отырып, балалардың денсаулық жағдайын бақылайды және олардың физикалық жүктемесін реттейді.
8. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығына жауап береді.
9. Салауатты өмір салтын насихаттайды.
10. Тәрбиешілермен, тәрбиеленушілердің ата-анасымен, тығыз байланыста жұмыс істейді. Бекітілген құжаттаманы және есептілікті жүргізеді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру, дене шынықтыру және спорт, оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді,

педагогика, психология негіздерін,

жас ерекшелік физиологиясын, анатомиясын, мектеп гигиенасын,

дене тәрбиесі әдістемесін, әртүрлі жастағы балаларды жүзуге;

тәрбие жұмысының әдістемесін; білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау қағидаларын, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптарын, бағдарламалар мен оқулықтарды, оқу кабинетін жабдықтау мен жабдықтауға қойылатын талаптарды, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қарсы қауіпсіздік қағидалары, санитарлық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті мамандық бойынша жоғары білім жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе техникалық және кәсіптік білімі және тиісті мамандығы бойынша жұмыс өтіліне талап қойылмайды жұмыс.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі бар болған жағдайда жұмыс өтілі мамандығы бойынша педагог-шебер – 6 жыл.

Және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейдегі бар болған жағдайда педагог-модератор үшін кемінде 3-4 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4-5 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5-6 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

Лауазымдық міндетіммен таныстым: 

(қолы, аты-жөні)

Күні: «31.....» 03.....2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕГІ КІТАПХАНА МЕНҒЕРУШІСІ Д.Жумашованың ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1.Жалпы ережелер.

- 1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық білім беру мекемесінің басшысы еңбегіне тарифтік-квалификациялық бағалау негізінде ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 13.07, 2009 ж. №338 бұйрығына, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 28.06.03. №141 бұйрығына, осы Министрліктің 30.05.03ж. №119 бұйрығына сәйкес құрастырылды.
- 1.2. Кітапханашыны(кітапхана меңгерушісін) білім мекемесінің директоры кітапханалық қызметке тағайындайды және босатады.
- 1.3. Кітапханашының бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта және кәсіптік орта) білім, мектеп кітапханашысының қызметіндегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.
- 1.4. Кітапхана меңгерушісі білім мекемесінің директоры мен директордың орынбасарларына бағынады.
- 1.5. Қазақстан Республикасы заңы мен Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі, кітапхана жұмысы мен білімге байланысты сұрақтар бойынша білім басқару ұйымдарының барлық деңгейі; еңбекті қорғау нормалары мен ережелері, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс, сонымен қатар білім басқармасының жергілікті құқықтық актісі мен Жарғысы(соның ішінде ішкі еңбек ережелерінің тәртібі, директордың бұйрығы мен әмірі, нақты қызметтік нұсқаулық), еңбек келісімшартын жетекшілікке алады.

2.Лауазымдық міндеті

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

- 2.1. Білім мекемесінде оқу -тәрбие процесін ақпаратпен қамтамасыз ету.
- 2.2. Оқырманды кітап оқуға және мәдениет мекемелері ретінде ұйымдастыру.

3.Қызметтік міндеттер

Кітапханашы келесі қызметтік міндеттерді орындайды:

- 3.1 Білім мекемелерінде кітапханашы кітапхана қорын жинақтауға, өңдеуге каталогтарды және басқа да кітапханалық-анықтамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыру мен қолдануға сәйкес кітапхана үрдісін қамтамасыз ету жұмыстарын атқарады;
- 3.2. Каталогтар,картотекалар,оқу бұрыштарында тақырыптық бөлімдер және әдеби шолуларды ұйымдастырады;
- 3.3 . Оқушыларды және білім мекемесіндегі қызметкерлерге абонементте оқу залдарында қызмет көрсету , оқырмандармен жеке бұқаралық жұмыстар жүргізу,,(даталы күндерге көрме,әр түрлі іс шаралар) Қор жағдайы мен оқырмандар сұранысын зерттеу;
- 3.4. Есепке алуды және белгіленген есеп беруді ұйымдастырады;
- 3.5. Кітапхана қорының сақталуына ,кітаптарды түгендеу,ескірген кітаптарды есептен шығару ереже бойынша жүргізу;
- 3.6. Кітапхана қорынан жоғалтқан, зиян келтірген әдебиеттерге оқырмандарға шара қолдану;
- 3.7. Басқа кітапханалармен тығыз байланыста болу;
- 3.8. Білім мекемесінде мерзімдік басылымдарды жүргізу және басылымды уақтылы жеткізу жұмыстарын қадағалау;
- 3.9.Кітапхананы жабдықтармен,өндіріс құралдарымен, кітапханалық техникалармен қамтамасыз ету;
- 3.10. Оқырман конференциялар, әдеби кештер және басқа іс - шаралар ұйымдастыру.
- 3.11.Кітапханада еңбек және техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық режимді сақтау;

4.Құқықтары

Кітапхана меңгерушісі мынадай құқықтарға ие:

- 4.1.Білім беру мекемелеріндегі қызметкерлермен оқырмандарға кітапхананы пайдалану ережелеріне қатысты мәселелер бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруге;
- 4.2. Кітапханадағы ағымдық жұмыстарды кіші қызметкерлерге бағыт беріп отыру;

4.3. Білім мекемелеріндегі педагогикалық кеңеске қатысу;

5. Жауапкершілігі

5.1. Кітапханашы білім мекемесінің ішкі еңбек кодексі мен Жарғысына, білім мекемесі директорының заңды әмірі мен жергілікті құқықтық актісі, құқықтық міндеттерін себепсіз орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының еңбек кодексімен сәйкес жауапкершілікке тартылады;

5.2. Білім мекемесіндегі өз лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты немесе білім беру процесін қатысушыларға келтірген зияны үшін кітапхана меңгерушісі еңбек және азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады;

5.3. Білім мекемесіндегі сақтауға алынған кітаптар жоғалған немесе бүлінген жағдайда, бұл оның кінәсінен еместігі дәлелденбесе, кітапхана меңгерушісі жасалған жазбаша шарттың негізінде ішінара материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Өзара қарым-қатынас және лауазым бойынша байланыс

Кітапханашы:

6.1 Білім мекемесіндегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі ст.77, п1; ст 82, п 2 директордың бекітілген графигі бойынша жұмыс істейді;

6.2. Білім мекемесіндегі директор мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының бұйрығымен уақытша мұғалімдер мен сынып жетешілердің орнын ауыстыруға болады;

6.3. Мұғалімдер мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қол қойған оқулықтарға тапсырысты рәсімдейді, жаңа құжаттардың келіп түсуін рәсімдейді;

6.4. Оқушылармен, мұғалімдермен, білім алушы балалардың ата-аналарымен "занды өкілдермен) тығыз байланыста жұмыс істейді; әкімшілігімен және педагог қызметкерлермен өз құзіретіне енетін мәселелер бойынша жүйелі түрде ақпараттар алмасып отырады.

екінші данасын алдым

Лауазымдық міндетіммен таныстым: _____ *Д. Аманжол*

Д. Аманжол

(қолы, аты-жөні)

Күні: « *31* » *08* _____ 20 *23* ж.